



«AVTORLAR ÁNDERINIŃ ODAǴY» RESPÝBLIKALYQ QOǴAMDYQ BIRLESTIGI

Meken jayı: QR, Shymkent qalasy, Qarataı aıdany, Qaitpas móltek aıdany, Qaharman kóshesi, 22 úı

Tel: 8 (7252) 49-31-81, Faks:8 (7252) 49-31-81 Email: oo_sap@mail.ru, roo-sap.kz

Shygys: 79 10.04.2024

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрі
А.Н.Есқараевқа

«Авторлар әндерінің одағы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Шымкент қаласы, Қайтпас мөлтек ауданы,
Қаһарман көшесі 22 үй

АҚПАРАТ

Заңның 47 б. 1 т. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабының 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Авторлар әндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай-Бірлестік) 2023 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейді:

- 1). Бірлестіктің жарғысы мен құрылтай құжаттарына 2023 жылы өзгерістер енгізілмеген.
- 2). Бірлестік тарапынан 2023 жылы осыған ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен екіжақты және көпжақты келісім жасалмады.
- 3). Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы өткізілмеді.
- 4). Бірлестіктің 2023 жылға бухгалтерлік жылдық балансы мен жылдық есебі қоса тіркеледі.

Бірлестіктің есебіне пайдаланушылардан 58 531 834 теңге сыйақы өтемақы есебіндегі қаржылар жиналды.

Пайдаланушылардың есептері мен мәліметтері негізінде отандық құқықиеленушілерге 58 531 834 теңге бөлінді.

Сыйақы алуға құқылы құқықиеленушілерге 41 045 799 теңге қаржы төленді.

Бірлестікте сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы қалаларында қалаларында филиалдар құрылған.

Бірлестіктің 2022-23 жылдар қызметіне тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізіліп, қорытындысы түзілген және ол интернет-ресурста орналасқан.

Бірлестіктің нақты шығыстарын жабуға арналған сома 17 486 035 теңгені құрайды, яғни жалпы жиналған сыйақының 29,87 пайызын құрайды.

Бірлестікпен төленбей, талап етілмеген сыйақы соммаларын алуға құқығы бар құқықиеленушілерді белгілеу бойынша шаралар азаматтық заңнамада көзделген талаптарға сәйкес жүргізілуде, оның ішінде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын басқа ұйымдардың интернет-ресурсындағы мәліметтер мен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында құқықиеленушілерге қатысты жарияланған мәліметтер зерттелуде.

Сонымен қатар, келісім жасалған мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын отандық және шет елдік ұйымдардың басқаруындағы құқықтардың иелеріне тиесілі болған сыйақылар аударылып келеді.

Пайдаланушылар арасында орын алған дебиторлық қарыздар бойынша заңнамаға сай тиісті шаралар көріліп, сот актілері негізінде өндіріліп, ал дебиторлық берешектің құнсыздануы негізінде орын алған үмітсіз шығыстар жойылып келеді.

Бірлестік қызметкерлерімен сыйақы алуға құқылы құқықиеленушілерді ғаламторда орналасқан қол жетімді базалар арқылы және тұрғылықты мекен-жайларынан іздестірілуде және ол оң нәтиже беруде.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқықиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және бөлініп, талап етілмеген сыйақыны төлеу үшін құқықиеленушілерді іздеу жөніндегі мәліметтер тиісті дәрежеде қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатындағы мәліметтер жарияланып, жеке-дара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бірлестікте сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы қалаларында филиалдар орналасқан.

*тіркеледі: жылдық баланс пен жылдық есеп 9 парақта,
2022-2023 жылдарға түзілген аудиторлық қорытындылар 2
дана.*

«Авторлар әндерінің одағы» РҚБ-нің
бас директоры



А.О.Утебаев